

Түркістан облысы, Келес ауданы, Жамбыл ауылдық округы №61 Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің география пәні мұғалімі Исакова Макпал Бейсеновна; Түркістан облысы, Келес ауданы, Ащыкөл ауылы №62 Н. Шойбеков атындағы жалпы білім беретін мектептің география пәні мұғалімі Абдезова Мухабат Киличкызының «География әлемі» тақырыбындағы авторлық бағдарлама жұмысына

## П І К І Р

Бұл авторлық бағдарлама жұмысы барлық мемлекеттік стандарт пен оқу-әдістемелік талаптары мен ұсыныстарына сай орындалған.

Мұнда негізі міндетті элементтердің бәрі қамтылған, атап айтқанда: мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері, зерттеу сауалнамалары (әңгімелесу, тестілеу және т.б.); бақылау; теориялық әдістер (әдебиеттерге шолу жасау, оқу және талдау). Тақырыпқа қатысты ізделінді келелі мәселенің мәні-мағынасы және оның өзектілігі көрсетілген.

Бұл авторлық бағдарламада, оқушылардың география пәні бойынша білім, білік дағдыларын қалыптастыруға негізделген сабақтар берілген.

Ғылыми-әдістемелік зерттелген әдебиеттерге шолу барысында тақырыпқа қатысты құнды мәліметтер келтірілген.

Бұл жұмысты зерттеу әдісі арқылы қойылған міндеттер шешімін тапқан және негізделген. Зерттеу нәтижелері алғашқы болжамдарға сәйкестендірілген, қорытынды жасалған. Жұмыстың тақырыбы айқындалып, ашылған. Бұл жұмысты шығармашылықпен орындай отырып, ғылыми-зерттеулерге қажетті элементтер мен ұсыныстар келтірілген. Материалдарды баяндау, жазу құрылымдары қолданылған әдебиеттерді ресімдеуіне сүйене отырып, ғылыми-әдістемелік жұмысының міндеттерін толық орындап, оны меңгергендігі байқалады.

Сондықтан да, бұл жұмысы «өте жақсы» жазылғандықтан, оны баспаға ұсынуға, сонымен қатар, әртүрлі деңгейлердегі байқауларға, яғни аудандық/қалалық және облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға ұсынуға болады деп есептеймін.

### Пікір білдіруші:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
т.ғ.к., РЖА профессоры Наурызбаев Қ.К.

